

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Экологиялық-құқықтық жауаптылықты қолдану негіздері мен шарттары

Орындаған: Жұмаш.П.Қ

Топ: 128 ЖМ

Тексерген: Мұқанова.А.Б

Астана-2016 жыл

Жоспар

- **Кіріспе**
- **Негізгі бөлім**
- **1 Экологиялық-құқықтық жауаптылық ұғымына түсінік беру, функциялары**
- **2 Экологиялық-құқықтық жауаптылық негіздері мен шарттары**
- **3 Экологиялық-құқық бұзушылық үшін материалды жауаптылық**
- **4 Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы қылмыстық жауаптылық.**
- **Қорытынды**
- **Пайдаланылған әдебиеттер.**

Кіріспе

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік(жауаптылық) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің IX бөліміндегі 46 тарауында «Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және экологиялық дауларды шешу» деп аталады. Шын мәнінде экологиялық жауапкершілікке Қазақстан Республикасының табиғатын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын табиғи ресурстар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктер жатады.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің бастамасы экологиялық заңдардың талабын бұзушылық болып саналады.

Экологиялық заңдарын бұзу-белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи ортаға және оның ресурстарына зиян келтіретін заңға қайшы келетін кінәлі субъектінің әрекет немесе әрекетсіздігі.

Экологиялық тәртіп-адамның өз өмірі мен денсаулығы үшін табиғи ортаның қолайлы болуына құқығын қамтамасыз етудің, қазіріг және болашақ ұрпақтың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың адам қызметінің осы ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеудің, табиғи тепе-теңдіктің сақтау мен табиғатты ұтымды пайдаланудың ережелері мен негізгі түпкі бағдарламаларының жүйесі.

1 Экологиялық-құқықтық жауаптылық ұғымына түсінік беру

Экологиялық жауаптылық- бұл кешенді әлеуметтік – экономикалық және құқықтық институт

Тәртіптік жауаптылық – табиғатты қорғауға байланысты тәртіптік теріс қылықтарды жасағаны үшін кінәлі тұлғаларға қолданылады

Азаматтық жауаптылық – табиғи объектіге зиян келтіруден туындайды. Ол үшін табиғатты қорғауға байланысты заңдарды бұзғаны үшін материалдық жауаптылықтың ерекшеліктерін сипаттау керек, олар: олардың қолдануы арнайы нормативтік актілерімен реттеледі, келтірілген зиянды өтеу арнайы таксалармен есептеледі.

Экологиялық әкімшілік жауаптылық-табиғат қорғау заңдарында каралған тараптардың бұзылуына тараптарды экологиялық тәртіп бұзушылықтардың белгілі болуы.

Экологиялық тәртіптік жауаптылық — экологиялық құқыққа қарсы қасақана немесе абайсызда жасалатын тәртіптік жауаптылық көзделген кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік


Экологиялық материалдық жауаптылық-еңбек ету жағдайларында еібек етуге немесе қызмет етуге байланыссыз да болуы мүмкін.

Экологиялық-құқықтық жауаптылық түрлері

Экологиялық азаматтық-құқықтық жауаптылық-экологиялық құқыққа қарсы қасақана әрекет пен әрекетсіздік салдарынан меншік иесін, иеленішілері мен пайдаланушыларына келтірген зиян өтеу.




2 Экологиялық-құқықтық жауаптылық негіздері мен шарттары




3 Экологиялық-құқық бұзушылық үшін материалды жауаптылық

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін материалдық жауапкершіліктің құқықтық негіздеріне ҚР-ның “Экологиялық кодексінің”, “Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы”, “Жер туралы”, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдар мен Орман және Су кодекстері, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Жарлық пен және осы аталған заңдар, кодекстер мен жарлықтардың талаптарына сай Қазақстан Республикасының Үкіметінің, орталық атқарушы және жергілікті мемлекеттік органдардың қабылдаған ережелері, тәртіптері және басқа нормативтік құқықтық актілері жатады.



4 Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы қылмыстық жауаптылық.

ҚК-нің 2-бабында көрсетілгендей Қылмыстық кодекстің міндеттеріне адам мен азаматтын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғау жатады.



Қорытынды

Қоршаған ортаның сапасынан халықтың ауыру-сырқауын бағалау проблемасы қатты көрініс беретіні айқын. Халықтың денсаулығының жай-күйін және өмір сүру ұзақтығына әсер ететін факторларды зерттеу өте көкейкесті мәселе. Әрбір қоғамның даму көрсеткіші ондағы азаматтардың құқықтарының қаншалықты дәрежеде қорғалу деңгейімен сипатталады. Соның ішінде экологиялық құқықтардың маңызы зор. Біздің елімізде адам құқықтарына байланысты экологиялық нормативтік актілер қоры жас, ол теориялық және тәжірибелік жағынан едәуір жетілдіруді қажет етеді. Ол үшін Негізгі заңнан бастап заңға негізделген актілерге дейін тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі қажет. Сонымен қатар құқық жасаушылықтан басқа да мемлекеттік деңгейде жоспарлы әр түрлі саланы қамтитын салықалы экологиялық саясат жүргізу қажет. Менің ойымша, қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтау мақсатында төменде көрсетілген құқық нормаларына конституциялық сипат берілуі керек, яғни Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілуі тиіс.

Олар:

1. қолайлы қоршаған ортада болу құқығы;
2. қоршаған ортаның жай-күйі туралы дұрыс әрі толық ақпарат алу құқығы;
3. қоршаған ортаны қорғау туралы заңның бұзылуы салдарынан денсаулыққа және мүлікке келтірілген залалдың орнын толтыру құқығы.
4. салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында әрбір отбасында, балабақшаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтауға тәрбиелеу қажет, насихат жұмыстарын жүргізу қажет деп ойлаймын

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Сапарғалиев Ғ.Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. Алматы, 1997 ж
- Баққұлов С. Құқық негіздері . Оқу құралы. Қаз.МСҚА. Алматы, 2001 ж
- Ағыбаев А. Қалмыстық құқық . Оқу құралы. Ерекше бөлім . Алматы 2001 ж
- Айымханова н. Қазақстан Республикасының құқығы. Оқу құралы. Алматы 2002 ж